

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 тамыздағы N 932 және 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қазандағы N 1044 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 860 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) "Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысында :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қоғам мыналарды ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті ұйым болып белгіленсін:

1) ұлттық ғарыштық байланыс және хабар тарату аппараттарын және олардың ұшуын жерден басқару кешенін пайдалану;

2) электр магниттік үйлесімділікті есептеуді жүргізуді қоса алғанда, азаматтық мақсаттағы радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың электр магниттік үйлесімділігін қамтамасыз ету.";

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналар қоғам қызметінің негізгі түрлері болып белгіленсін" деген сөздер " Жүктелген өкілеттіктерді іске асыру үшін Қоғам мынадай қызметті жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) халықаралық шарттар негізінде байланыс мәселелері бойынша халықаралық қызметті жүзеге асыруға қатысу";

8-тармақта:

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі" деген сөздер " Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазсат" акционерлік қоғамы мен Жеткізуші арасындағы Келісім-шарт бойынша міндеттемелер аяқталғаннан кейін ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигін, бірге жүретін ғарыштық аппараттарды жерден басқару кешенін және байланыс мониторингі жүйесін иелену және пайдалану құқығын Қоғамға беруді";

10-тармақта:

"Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі," деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 860 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі